

## Алтыннан артық ұлағат қалтырған

Бай болғысы келмейтін адам жоқ, құдайы қаламас,  
Батыр болғысы келмейтін адам жоқ, жүрегі дауаламас,  
Би болғысы келмейтін адам жоқ, халқы қаламас.

### *Халық даналығы*

Ежелгі ескі заманнан бастап, советтік дәуірге дейінгі Тарбағатай тарихында небір кемел ойлы, ұлағатты адамдар өмір сүрген. Олар ақыл-ой даналығымен, небір кемел ісімен елі мен жеріне қызмет еткен. Көңіл шіркін жүйрік қой. Туған жерім, шыққан тегім, өскен елім деп арғы-бергіні қозғағың-ақ келеді. Қанша ұмтылғанмен, естігенің мен білгенің, оқығаның мен зердеге түйгенің таяз судай белгі беріп, құлашыңды кең тастауға мүмкіндік бермейтінін несін жасырайын. Дегенмен, билік айтқан биінде жыланы, ел-жұртыңда ылаңы болмаған Жұмық елінің тағлымды ел ретінде өсіп-өнуі, ғасырлар қойнауындағы тыныс-тіршілігі ізсіз емес. Осы Тарбағатай тарихы тұлғаларының есімін еске алып, өзіміздің өткен ғасырдағы өмір тынысына үңіле назар салу азаматтық борыш, ұрпақтық парыз деп білгеніміз жөн деген ойдамын.

Алаш арыстарының ұлт ұстазы атанған Ахмет Байтұрсынов «Басқадан кем болмас үшін біз білімді, бай һәм күшті болуымыз керек. Білімді болуға оқу керек. Бай болуға кәсіп керек. Күшті болуға бірлік керек. Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек» деген сөзі қашан да өз мәнін жоймайтын даналық. Осы даналық үрдісінде өмір сүріп, көзінің тірісінде елі мен жұртының жел жағындағы панасы, ық жағындағы саясы болған адамдар есімі қанша уақыт өтсе де, халық жадынан өшпек емес. Олардың аты ұрпақтан ұрпаққа жетіп, артында алтыннан артық мұра қалтырғандай, ұлағат шапағын шашып тұрады.

Қабанбай батырдай Дарабозды ұран еткен, Дәулетбай батырдай өр батырды ту еткен, Ер Қосайдай тұлғаны дүниеге әкелген шежірелі Тарбағатай тарихының өткенін қозғасаң, тереңге тарта береді. Оған қанша сақтана, жүрексіне қарағанмен, олардан бері Кенже батыр, Көтеш батыр, Майлы батыр, Қоңыз (Құрбанқажы) батыр, Қожакелді батыр, Танау батыр, Мауқыбай батыр, Шамажан батыр, Тоқай батыр, Танау батыр, Оспан батыр, Есіркеген батыр, Кембаба батыр, Оразбай батыр, Дүтбай батыр есімдері ауызға ілінгенде өткен ғасырдың арғы жағы мен бергі жағындағы бұрынғылар аузынан естіген сөздің шетіне ілініп те қалады екенбіз.

Төлебай ішіндегі Бөтенбайдан шыққан Оразбай батыр өлгенде Наурызбайдың Дүтбайы: «Қазақ құрыдық қой. Енді қайтіп ел боламыз? Оразбай батыр қарсы жақтағы кісі саны жиырма бестен асқанша, жалғыз өзі қуа соғысып, ұрыс салушы еді. Біз кісі саны он беске жетсе шегіне бастаймыз. Бұдан былай не болдық?» деген екен деп, тоқсан жасты алқымдап өмірден өткен Көдеұлы Мұқамеден айтқан екен. Бұл сөзді өз құлағымен

естіген Шекерхан Әзмұхамбетұлы «Ердің құны» деген этнографиялық жазбаларында келтіреді.

«Бақтиярдың қырық бұтағын» қырық күн жырлаған Шыңан ұлы Жанұзақ түсінде көген ұстамай өлең ұстаған, Жанұзақ ұлы Әрімжан Тарбағатайдың күнгеі мен теріскейіндегі ел-жұртты жырымен сусындатқан ақындар. Әлі де негіздеп зерттеуі жетіспей жатқан Сайболат жұртынан шыққан күйші Қайрақбай есімдері Тарбағатай жұртының өнер қазынасының бастауында аталады. Одан бергіде біздің замандастарымыз көзін көрген Ержан Ахметұлы, Әзмұхамбет Терлікбайұлы, Сайындала ақын, Төлеген Ержанұлы, Бекбосын ақсақал, Сабитмолданың ұлы Калиакбер, Жақан Әрінұлы жеріміздің өнерін асқақтатқан тұлғалар екендігін біз өзімізден кейінгі ұрпаққа жеткізуге тиіспіз.

Осы деректерді біздің замандастарымызға жеткізген, елдің тарихына құлағы түрік жүрген Смағзам Шомбин, Кәрмен Сәтпаев, Бағдәулет Қайсанов, Қабдолла қажы Мырзаханов, шежіреші ғалым Мүсәйіп Сыдықов, шежіреші Ескендір Батталұлы Құранбай, Әзмұхамбет Терлікбайұлы, Мұқамеден Көдеұлы, Ұланқадыр Жазыбайұлы, Нұрахмет Байпейісұлы, Хамза Кәрібайұлы, Қанапия Түбекбаев, Шекерхан Әзмұхамбетұлы, Мира Асқарқызы Бөгіс ұрпағы, Гүлбаран Сүлейменқызы, Шәріпхан Құлжабайұлы Еңсе қажы ұрпағы, Қажай Мұқтарұлы Дүтбаев, Қалым Құнапияұлы, Әбілмәжі Бөлекбайұлы, Хамит Балшебекұлы, Әрінбек Маселұлы, тарихшы ғалым Ғани Қарасаев, қаламгер Құсман, Жұмағазы Серғалиұлдары Игісін, Кәкімбек Тұрғанбаев, Оралбек Бөкебайұлы, Жеңіс Қинаятұлы, Әнуархан Қапашұлы Қайырбаев, Серік Сейітқазыұлы Тыныбаев, Рамазан, Беделбек Әбілмәжіұлдары, Шернияз Жаманбайұлы, Ғазиз Қасайынұлы, Шәріпхан Халықов, Роза Исмурзина әрқашан құрметпен ой оралымына ілінеді.

Адамның санасындағы қағазға түсіп, көзі тіріде мұрасы кейінгінің керегіне жарап жатса, одан өткен бақыт бар ма? Дана да дара Абай өсиет етіп айтып кеткен «Өлді деуге болама айтыңдаршы, өлмейтұғын артында сөз қалтырған» деген тағлымнан тірілердің өлмейтін жері кітап екендігін айтпасқа болмас. Өмірден өткен игі жақсылардың да есімінің мәңгілік мекені кітап. Құлақ түріп, зер салыңыз. Байжігіт елінің ғасырлық соңғы көші өзіңізге жол тартты.

Тау басында қарақшы,  
Атаң салған қарашы.  
Сол белгіде өткеннің,  
Арманы мен жарасы.

**Сағынбек Ақанұлы, ҚР мәдениет қайраткері**